

*Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылында
тегін ыстық тамақпен қамтылған туралы*

Анықтама

Жалпыға бірдей білім беру қорының есебінен жекелеген әлеуметтік мәртебесіне байланысты атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан оқушылар, жан басына шаққанда орташа табысы күн көріс деңгейінен төмен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балалар, ата-ана камкорлығынсыз қалған жетім балалар, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жататын 38 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылады.

Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың құжаттары ҚР Білім және ғылым министрінің «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша қабылданды. Сонымен қатар тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың асханадан тамақтануы күнделікті қадағаланады. Оқушылардың тамақтану уақыты жасалған 1 ауысым бойынша 16 оқушы сағат 09.35.-09.45-те тамақтанса, 2 ауысым бойынша 22 оқушы сағат 15.35-15.45 аралығында тамақтанады.

Темір аудандық білім бөлімінің бекітілген 2 апталық ас мәзірін негізге ала отырып апталық ас мәзірі бекітіліп отырады. Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы үнемі бақылауда болады. Асханада оқушыларға тамақтандыруды ұйымдастыруда ИП «Базарбаева» жұмыс жасайды.

Мектеп директоры



А.С.Оспагамбетова